

Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы N 27/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде N 4639 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 121-18/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 29.11.2017 № 121-18/3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуіріндегі Заңына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын .

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық
мәслихатының кезекті
XXVII сессиясының төрайымы
Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы*

Г. ЖҰМАШЕВА

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

Қалалық мәслихаттың
2014 жылғы 27 наурыздағы
N 27/3 шешіміне қосымша

Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 Қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне" сәйкес әзірленді.

1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстың 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 23.06.2015 № 43/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 Қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің" 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

4. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

5. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгіленген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

6. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау

- төмендегі пайдалану нормасына сәйкес жүргізіледі:
- 1) электр энергиясын пайдалану 1 айға:
 - 1 адамға - 45 киловатт-сағат;
 - 2 адамға - 90 киловатт-сағат;
 - 3-4 адамға - 100 киловатт-сағат;5 және одан да көп мүшесі бар отбасына - 150 киловатт-сағат;
 - 2) газбен жабдықтау 1 айға:
 - 5 адамға дейінгі мүшесі бар отбасына - 10 килограмм,
 - 5 адамға және одан да көп мүшесі бар отбасына - 20 килограмм;
 - 3) ыстық және салқын су - ай сайын 1 адамға тариф бойынша;
 - 4) тұрғын үйді күтіп ұстау ай сайын:
 - 1 адамға - 18 шаршы метр;
 - жалғыз тұратын адамдар үшін - 31 шаршы метр;
 - 5) жылумен жабдықтау ай сайын:
 - 1 адамға 18 шаршы метр;
 - жалғыз тұратын адамдар үшін - 31 шаршы метр;
 - 6) тұрмыстық қалдықтарды шығару – ай сайын әр адамға тариф бойынша;
 - 7) кәріз қызметтері - ай сайын әр адамға тариф бойынша;
 - 8) әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес жүргізіледі;
 - 9) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде;
 - 10) отынды (көмірді) жылыту маусымында пайдалану - әр отбасына бір айға 0 , 5 т о н н а ;
 - 11) лифт - әр отбасына тариф бойынша.

3. Қаржыландыру және тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі

7. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, қызмет көрсетушілердің, кондоминиум объектілерін басқару органдарының жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер, сонымен қатар банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы және шоттарға ақшалай сомаларды аудару ай сайын жүргізіледі.

